

БӨЛІМ: ТӘРБИЕ САФАТЫ

Тәуелсіздік қасиетті ұғым

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/68364/>

«Тәуелсіздік – қасиетті ұғым»

Мақсаты : Бүлдіршіндерге еліміздің тарихы туралы түсінік беру .Рәміздерімізді қастерлеуге үйрету . Өз Отанын сүюге, халқымыздың әдет – ғұрпы, салт – дәстүрін сақтап, әрі қарай жалғастыруға . Ұлтжандылыққа, достыққа, саналылыққа тәрбиелеу .

Әуенмен «Көк тудың желбірегені» әнімен кіреді

Тәрбиеші : 1991 жылы 1 желтоқсанда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің тұңғыш президенті болып сайланды . Тәуелсіз мемлекет бізге оңайшылықпен келген жоқ. Мен қазір сіздерге Желтоқсан оқиғасы туралы қысқаша айтып берейін.

Слайд 1986 жылы Желтоқсан оқиғасында Ербол Сыпатаев , Қайрат Рысқұлбеков , Ләззат Асанова тағыда басқа жас аға- апаларымыз құрбан болды . Содан бері 33 жыл өтсе де бұл азаматтарды ұмытпай әр жыл сайын басымызды иіп еске аламыз. Өздері өмірлерін қисада, арттындағы өшпес іс қалдырды.

Тәрбиеші : Желтоқсан оқиғасына байланысты слайд жүргізіліп, жай әуенмен өлен жолдары оқылды .

Талай азап өтті бастан Мақтан етем аналарды ,

Елге жетті желтоқсан. Ұл қыздарын өсірген

Сенім үшін қыршын болған Бағалайық егеменді

Айналайын жастардан. Есте ұстап сол күнді

Сол ызғарлы желтоқсан Өшірмейік біз сенімді

Қанға толды бар алаң, Тастап кеткен үмітті

Өтіп кеттау, сұл жалған Туған күнің құтты болсын!

Аналарға бұл жараң.. Әр ұлттарың бар қауым

Болмас па еді сол жастарым , Егеменді туың болсын

Бірі әке ,бірі ана Болсын әнің ұраның.

Ойланбастан ел үшін , Әр ұяға бақыт қонсын

Жанын берді отанға. Ашық болсын жолдарың

Мақтан тұтам қазағымды Айналайын тек өзіңнен

Мың өліп , мың тірілген Қазақ деген атыңнан

Суық қыстың мазағыма

Үстеріне су төккен.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болды. Ол бүгінде дүние жүзінің көптеген елдермен достық байланыс орнатқан, бүкіл әлем таныған елге айналды. Біз өзіміздің Әнұранымызбен, Туымызбен, Елтаңбамызбен басқа елдерге мақтаныш етеміз.

Барша халық таныған,

Біздің үміт тілекті.

Шырқалғанда әнұран,

Шаттық кернеп жүректі.

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

Бәрі де сенің Отаның

Бойыңды биіктететін.

Рухына балап атаның

Өлгенше сүйіп өтетін.

Балалар, осы біз «Отан» деген сөзді күн сайын естіп жүрміз. Осы Отан дегеніміз не?

Балалардың жауабы.

-Отан дегеніміз - адамың туып - өскен жері, туған - туыстарымен, жақындарымен бірге тұратын

атамекені.

Отан туралы тақпақтар :

Ізбасар : Отан деген — атамекен,

Отан деген - туған жер

Дархан. Отан ұран ,Отан - туым ,

Отан мәңгі гүлденеді

Аслан : Отан жерім , Отан - суым ,

Отан қуат, нәр береді

Ән : «Туған жер»

Күн: Сәлеметсіздерме ,балалар мен күнмін. Мен сіздерге қонаққа келдім . Тәрбиеші:Кім айтады ? Біздің еліміз қалай аталады?

Балалар : Қазақстан Республикасында

Тәрбиеші: -Балалар , ал еліміздің рәміздері туралы не білеміз.Балалар біздің рәміздеріміздің ішінде күннің бейнесі белгіленген. Дұрыс айтасындар Туымызда .Туды көрсетіп, сипаттау. Мемлекеттік туымыздың түсі көгілдір . Ол бірлік пен ашық аспанды, тыныштықты көрсетеді Ортасындағы сәуле шашқан күн бейнесі - тыныштық пен байлықтың белгісі , астындағы қыран бүркіт қырағылықтың биіктеуін білдіреді.

Республикамыздың елтаңбасы көгілдір түсті бояудың үстінен салынған пырақ бейнесінен тұрады. Шаңырақтан күн сәулесі тәріздес уықтар тарайды . Шаңырақ пен уық біздің Отанымыздағы көптеген ұлттардың бірлігін көрсетеді

Инабат. Туымыз көгілдір

Бір қарамай өтпейміз,
Сол көктудың астында
Көгереміз көктейміз
Даяна Ақниетті аспан күн
Асқар арман қыраны
Жалауы бұл халқымның
Мәртебесі, мақтаны
Ералы Құт береке шаңырақ
Орын алған ол төрден
Қанатты құс арғымақ
Екі жақтан көмкерген
Ақнұр: Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн
Ерекше боп мәңгілік
Ел жадында қалған күн.

Алибек: Бүгінгі күні бүкіл әлем таниды,
Қазақ елін, қазақ жерін, Қазақстан.

Тәрбиеші :Осы періште балалардың тілегі қабыл болсын дей отыра ,
қазақ халқы өнерге бай халық, соның ішінде күмбірлеген күймен, мың бұрала би өнері
ерекше .Олай болса бүлдіршіндеріміздің орындауында «Жалауым желбіре» биін
тамашалаңыздар

Ойын : Мерген .

Шарты : ілінген тақтадағы шарды жару керек кім көбірек тигізсе сол тәрбиеленуші
жеңімпаз болады.

Шаңырақ : Сәлеметсіздерме балалар мен сіздермен бірге мерекені тойлауға келдім. Мен
достықтты жақсы көрем.

Тәрбиеші:Сәлеметсізбе шаңырақ ,қош келдіңіз! Төрлетіңіз . Балалар Шаңырақ қонақтың
бине жазбасы бар екен қанекей тамашалаймызба? Біз бейне жазба қарағанда мұқият
тыңдауымыз керек солайма?

Балалар :Иа деп жауап береді

Тәрбиеші: Балалар бейне жазбада ата,аға- апаларымыз ақ тәлектерін айтып жатыр,
қанекей олай болса біздерде шаңырақтың астына барып жақсы тілектер айтайықшы
қанекей.

Ән : «Әрқашан күн сөнбесін»

Тәрбиеші : Балалар сендер тәуелсіз қазақ елінің ең жас ұландарысыңдар . Сондықтан өз
жерімізді, өз елімізді, әкелер мен аталарымыз сияқты қадірлеуге , сүюге, қорғауға
міндеттісіңдер

Тәрбиеші :Бүгін , міне , Егеменді тәуелсіз еліміздің ұлы мерекесін тойладық . Жүзіміз
жарқын болып, аспанымыз ашық болсын деп тілейміз . Егеменді елдің болашағы –
сендерсіңдер ! Сендерге зор денсаулық , көңілдеріңе шаттық тілей отырып, атар әрбір

таңдарың арайлы да шуақты болсын , күннің нұры сәулесін мол төксін деп тәрбие сағатымыз аяқталды . Сау болыңыздар !

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.